

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	29.05 - 02.06.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен				

әңгімелесу, кеңес беру	қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				"Киім шкафын реттеу" (тәрбиешінің көмекшісімен бірігіп). Мақсат-міндеттер: балаларды киім-кешекке арналған жеке шкафты таза ұстауға үйрету: шкафты киімдер мен аяқ киімнен босату, дымқыл шүберекпен сөрелерді сүртіп, киімдерді қайта орнына тиянақты жинау. Тәртіпке бағынуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұжымдағы ұйымшыл еңбекке үйрету. (еңбек дағдылары)	"Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
				"Текшелер" құрастырғышымен ойындар.	"Дойбы" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер:

				Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Балалар құрылыс материалдардан балабақша құрастырады. Құралдары: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар. (құрастыру) "Балабақша" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: мәтіннің мәніне, ырғағына сай қозғалуға ынталандыру; дене мүшелерін жетілдіру, жағымды эмоцияларды дамыту; балабақшада ұйымшыл болуға баулу.	балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойын мақсаты. Қарсыластың фигураларын толық жою немесе жүру жолын бұғаттау. "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын!
--	--	--	--	---	--

				- Балабақша, балабақша (Орнында марш басу, қолдармен сермеу) Біздің ортақ үйіміз. Бізбен бірге, бізбен бірге (Орнында жүріп, шапалақтау) Ойыншықтар, достарымыз. Ойнап-күліп, ойнап-күліп, (Орнында секіру, қолдармен жоғары шапалақтау) Бізбен бірге қоймайды, Қолды бұлғап, қолды бұлғап, (Орнында жүріп, қолдармен алдыда бұрмалау) Кейіпкерді сомдайды. Отырады да тұрады, (Қолдар белде, аяқтарды бүгіп, тік тұру)	Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Ақымақ қасқыр"ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету; ертегі кейіпкерлерінің
--	--	--	--	--	--

				Теңселеді жан-жаққа, (Қолдар белде, оң-сол жақтарға теңселу) Оңға-солға бұрылады, (Қолдар белде, оң- солға бұрылу) Жүреді болашаққа. (Орнында марш басу, қолдарды жоғары көтеру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету; сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын дамыту; достыққа, бірлікке тәрбиелеу.
Таңертеңгі жаттығу	Ояныңдар, тұрыңдар! Мұнда мойын бұрыңдар, Жаттығулар жасайық, Терезені ашайық. Таза ауа пайдалы, Қане, биге басайық. Шынықса жас денеміз, Жылдам өсе береміз. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасығы мен шай қасығын, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)				

	Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Міне — қасық, міне — ас. Еш нәрсені қалмас. Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында, тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Егер бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық				"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер.	«Кім не істейді?" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттер: көрсетілген объектінің, құбылыстың суретіне қарап немесе атауын естіп, оның не істейтінін айтуға машықтандыру; сөздік қорды молайту: ойлау, есте жаңғырту қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

				менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет				Музыкадан ойын-жаттығу "Қош келдің, жаз!" Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір- бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жазғы кемпіркосақ" Мақсат-міндеттер: Балалардың жыл мезгілінің табиғи құбылыстары, ай аттары, апта күндері	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Қос кемпіркосақ" Мақсат-міндеттер: Балаларды сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруға; 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту.

				жайындағы білімдерін бекіту; таң, күн, кеш, түн мезгілдерінің атауы мен ауысуы туралы түсініктерді тиянақтау; сөздік қорын молайту, логикалық ойлауын, қолдың қимыл қозғалыс моторикасын дамыту; аңғарымпаздыққа, жан-жақтылыққа тәрбиелеу. Сурет салудан ойын-жаттығу "Қала аспанындағы кемпірқосақ" Мақсат-міндеттер: Балаларды әр түрлі құралдардың көмегімен әдемі табиғи құбылыстар жайлы түсініктерін шығармашылық түрде жеткізе білуге, негізгі түстерді тануды,	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Түрлі-түсті ертегі әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Балалардың түстер туралы білімдерін бекіту (қызыл, сарғыш, сары, жасыл, көк, көгілдір, күлгін). Сөйлеу, есте сақтау, ойлау, зейін, қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Топтағы өзара достық қарым-қатынасқа белсенділікке, тәуелсіздікке, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.
--	--	--	--	--	--

				саусақпен сурет салуды үйретуді жалғастыру; балалардың түстерді қабылдау, түсті таңдау біліктілігін дамыту; зейіндерін тұрақтандыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, табиғатты аялауға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен				Өрмекшіні бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: өрмекшілер олардың ерекшеліктері, тіршілігі жайлы	Күн-жылу мен жарық көзі. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы

				түсініктерін кеңейтуді жалғастыру; қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру. Зерттеу. Ұлғайтқыш әйнек арқылы үлкен өрмекшіні бақылау (өрмекшінің көзі мен ауызы басында, ал кеудесі төрт аяғына тірелген). Ересектермен бірге орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары: гүлзарда гүлдеп тұрған өсімдікті (барқыт гүлді) топқа ауыстыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: гүлдің айналасын ұқыпты қазуды үйретуді жалғастыру; гүлдерді топырағымен бірге құмыраға ұқыпты ауыстыруды	түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу. Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну. - Күнге қарағанда, өзіңді қалай сезінесің? - Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды. Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып,
--	--	--	--	---	--

				үйрету; өсімдіктерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан,	жылы екеніне көз жеткізеді. Күн көзінде зат қызатынына қорытынды жасау. Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: жасы кішіге көмектесуге ұмтылуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Ойын мақсат-міндеттері: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа,
--	--	--	--	---	--

				тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні	дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі
--	--	--	--	---	---

				ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бір, екі", "Үнсіз адымда". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: дұрыс жүру дағдысын, қозғалыс координациясын меңгерту; төзімділікке тәрбиелеу. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар: баяу қарқында ұзақ жүгіру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ептілікті, төзімділікті, дұрыс тыныс алуды дамыту.	байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жабдығы: ақ сүйек. "Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту. Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар. "Шеңберді дәлде". (дене шынықтыру)
--	--	--	--	---	--

					Мақсат-міндеттер: нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру.
Серуеннен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларға қолын жуар алдында жеңдерін түруді, суды жан-жағына шашыратпай бетін жууды үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жууды үйрету. <i>Көркем сөз</i> Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз, кешке де, Жуын күндіз, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар алдында, Жуын ақ таң атқанда. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында деңсаулық жолдарымен жүргізу. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Мөлдір су" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				"Не жасырылған" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін, қиялдарын, байланыстыра сөйлеуін дамыту; заттардың қасиеттерін танып, білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Барысы. Алдымен педагог, кейін балалар кезектесіп, жүргізуші рөлін атқарады. Жүргізуші сөзбен балалар жасырған (ойыншықты, құбылысты, жан-жануарды, құсты, өсімдікті) затты суреттейді, бірақ атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.	"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау" дамытушылық жаттығу. Мақсат-міндеттер: балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту. Барысы. Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру. Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын реттеу қажет. Театрландырылған қойылым. (сөйлеуді дамыту,
---	--	--	--	---	--

				Алдымен педагог балаларға заттың қарапайым, анық сипаттамасын береді, кейін тапсырма күрделенеді. Мысалы. "Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, үшбұрыш пішінді болып келеді"; "Бұл жиһаз, пластиктан ғана емес, сондай-ақ ағаштан да жасалады, адамның тынығуына жағымды әсер етеді". (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша". Мақсат-міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі	көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) "Алма" ертегісі Мақсат-міндеттер: балалар жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, есте сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі). Барысы. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалауы бойынша кейіпкерлерді
--	--	--	--	---	---

				қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар. Барысы. Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар, өздеріне қажет құрал-жабдықтарды тандап, белгіленген бұрышқа жинайды.	таңдайды, кейін кейіпкерлер костюмдарын киіп, өз орындарына барады. Басынан автор рөлін педагог өзі алады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар, көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады. Соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің
--	--	--	--	---	---

				Балалар мен мамандардың рөлін ойнайтындар өзара кімнің қайда баратының және не істейтінің кеңесіп, жоспарлайды. Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды бекітуге ықпал етеді, қосымша сұрақтар қояды, анықтайды, қандай қимыл-әрекет қабылдап, не істеу керектігін, балалардың ауысуына бағыттайды. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	әрекетін қысқаша талдап береді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)
Балалармен жеке жұмыс				"Ғажайып қап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: ойыншық	"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік

				атауларымен сөздік қорларын арттыру. Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру. "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. Н. Арынова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	қорларын, жақын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
--	--	--	--	---	---

Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен				Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады. Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсаты: тақпақтың	Желді бақылау. Мақсат-міндеттер: балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады.

				мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Кемпірқосақ". Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты. III. Әлдибекұлы. Еңбек әрекеті: ойын жабындысын жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын бекіту. "Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы	"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту. Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). - Суреттерге қарап, далада желдің бар ма екенін анықтап көрейік. Жел бар
--	--	--	--	--	---

				түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге, жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр	болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік. Балалардың мысалы жауаптары: - Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр. "Аққу-қаздар" ойыны. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды
--	--	--	--	---	---

				бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны. "Тым-тырақай" ойыны. Мақсаты: балалардың шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп,	ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасындар? Қайда қонып, ұшасындар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып
--	--	--	--	--	---

				санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. "Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. Мақсаты: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту. Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына	саналады. Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттерін бағаланады. "Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын- жаттығуы. Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті
--	--	--	--	---	--

				доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек." Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру.	тануды жаттықтыру. Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау. Мақсаты: ракетканы қарсыласы жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)				Ата-аналарға арналған кеңес. "Бала белсенділігі -	Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу.

				оның денсаулық кепілі."	
--	--	--	--	----------------------------	--